

**Павлодар облысы білім беру басқармасы Ертіс ауданы  
білім беру бөлімінің «Сілеті жалпы орта білім беру  
мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**

**Өзін-өзі бағалауы**

2024ж

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ  
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ,  
«СІЛЕТІ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ  
БЕРУ МЕКТЕБІ» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное учреждение  
«СЕЛЕТИНСКАЯ СРЕДНЯЯ  
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА»  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ИРТЫШСКОГО  
РАЙОНА, УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

## БҰЙРЫҚ

2 қыркүйек 2024ж №1-19-62  
Сілеті ауылы

## ПРИКАЗ

село Селета

### Мектептің өзін-өзі бағалау қызметі туралы

Қазақстан Республикасы Оқуғарту министрлігі білім саласында сапаны қамтасыз ету комитетінің Павлодар облысы бойынша білім саласында сапаны қамтасыз ету басқармасының 2024 жылғы 20 ақпандағы бұйрығына сәйкес білім беру ұйымының қызметінің тиімділігін объективті талдау және өзін өзі бағалау мақсатында білім беру қызметтерінің саласын арттыру жөніндегі ұйымға **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылдың 2 қыркүйекте білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу туралы тақырыбында педагогикалық кеңес отырысы өткізілсін.
2. 1 қазанмен 16 қазан аралығында мектептің өзін-өзі бағалау қызметі өткізілсін.
3. 2024 жылдың 1 қазаннан бастап мектептің өзін-өзі бағалау қызметі өткізу үшін келесі құрамдағы сарапшылар комиссиясы құрылсын.  
Комиссия төрайымы С.А.Балташева, мектеп директоры;  
Хатшысы Б.А.Махметова, іс-жүргізуші;  
Комиссия мүшелері Амренова К.Ж. оқу ісі бойынша орынбасры;  
Омарханова Г.К. тәрбие ісінің орынбасары;  
Касымова Г.Ж. аға тәлімгер;
4. Өзін-өзі бағалау комиссиясы мектептің белгіленген қызмет бағыты бойынша объективті ұйымдастыру және өткізу үшін оларға жауапкершілік жүктелсін.
5. Қызметінің объективті бағалау туралы қорытындылар педагогикалық кеңесте қарастырылсын
6. Бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын

Мектеп директоры  С.А.Балташева

Таныстырылды:



«Сілеті жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылдың 2 қыркүйек күні өткізілген №4 хаттамасынан көшірме

Қатысқандар: мектеп ұжымы

Қатыспағандар : жоқ

Күн тәртібі

1 . Мектептің өзін өзі бағалауды жүргізу және ұйымдастыру туралы тыңдалды: аталған сұрақ бойынша мектеп басшысы С.А.Балташева Павлодар облысының білім сапасын бақылау департаментінің 2024 жылғы білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды өткізу кестесіне сәйкес және мемлекеттік аттестаттау кезесі мен ұжымды таныстырды, аттестаттау Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңына сәйкес , сонымен қатар Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген білім еру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережесімен таныстырды. Мемлекеттік аттестаттау дайындық аясында мектептің өзін-өзі бағалауын жүргізу керек және Павлодар облысының білім саласындағы бақылау департаментінің материалмен қамтамасыз ету қажет.

2. Тыңдалды : Қ.Ж.Амренова оқу ісінің орынбасары: мектептік өзіндік бағалауын өткізу үшін комиссия құрамын бекіту ұсынылды.

3. Тыңдалды Г.К.Омарханова – тәрбие ісінің орынбасары : білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде құжаттарды жүйелеп жинақтауды ұсынды.

Педагогикалық кеңестің шешімі 2.09.2024-16.10.2024 ж аралығында мектептің өзін-өзі аттестатталуы ұйымдастырылып өткізілсін

2. Өзін-өзі бағалауды өткізу үшін аттестаттау комиссия сының құрамы бекітілсін.

3.Мектепті өзін-өзі аттесттау туралы нормативтік құқықтық құжаттарға сүйене отырып, сапалы дайындық жүргізілсін, өзін-өзі бағалау жоспары жасалып өткізілсін.

Отырыс төрайымы:

Хатшы :



С.А.Балташева

Б.А.Махметова

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,  
Ертіс ауданы «Сілеті жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау қорытындысы**

**Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы**

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданының білім беру бөлімінің «Сілеті жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Білім беру ұйымының толық атауы** – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданының білім беру бөлімінің «Сілеті жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Құрылыс жылы – 1964 ж.

Жобалық қуаты – 320 оқушы.

Жалпы ауданы – 1840 ш. м

**Заңды мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140515, Ертіс ауданы, Сілеті ауылы, Мектеп 19 көшесі.

**Заңды тұлғаның байланыс деректері:** 87051236326,  
[sangul.baltasheva72@gmail.com](mailto:sangul.baltasheva72@gmail.com)

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:** мектеп директоры Балташева Сангуль Амангельдиновна Бұйрық №1-05/99 ж/қ 29.12.2015ж

**Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары**

Мектеп бастауыш, негізгі және орта жалпы білім беруді мынадай құқық белгілейтін құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- 2021 жылғы 10 ақпанда берілген №KZ13LAA00022859 мемлекеттік лицензия Линцензиялар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.
- 2021 жылғы 10 ақпанда берілген №KZ13LAA00022859 білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша Линцензиар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.
- 2021 жылғы 11 қаңтар Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. БСН 981140001531.
- 2021 жылғы 05 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданы білім беру бөлімінің «Сілеті жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы

**Мектеп әкімшілігі:**

Мектеп директоры: Балташева Сангуль Амангельдиновна – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 35 жыл.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Амренова Қымбат Жанаталаповна – үшінші санатты, бастауыш сынып мұғалімі, еңбек өтілі 34 жыл.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Омарханова Гульдана Курмангазиновна – бастауыш сынып мұғалімі, еңбек өтілі 24 жыл.

1-10 сынып оқушылары: 45

Мектепалды даярлық топ: қазақ тілінде-5

Сынып комплекті саны: 6

1-4 сынып: 4 сынып (3 сынып жинағы)

6-9 сынып: 4 сынып (2 сынып жинағы)

10 сынып: 1 сынып (1 сынып жинағы)

Оқыту тілі: мемлекеттік.

Мектеп бес күндік оқу аптасымен бір ауысымда жұмыс істейді. Бірінші ауысымда 9 қазақ сыныптарында жалпы 45 оқушы білім алууда.

Мектептің әдістемелік тақырыбы: «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында білім беру сапасын және педагогикалық технологияларды жетілдіру»

Мектептің миссиясы:

Оқушыларға сапалы білім берумен қатар, өз бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды, ұлтжанды, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастырған жеке тұлғаның тәрбиеленуіне жағдай жасау. Жаңартылған білім беру аясында сапалы білімнің негізделген дағды мен құзірет беру компоненттері және тәрбие беру жұмыстарын күшейту.

Даму бағдарламасы аясындағы жұмыс барысында мектептің инновациялық қызметінің негізгі бағыттары айқындалды. Педагогикалық ұжым инновациялық қызметті дамудың негізгі тетігі ретінде қарастырады, оны оқу тәжірибесіне енгізілген жаңалықтарды жүзеге асырудың, меңгерудің, иеленудің мақсатты процесі ретінде анықтайды.

Іс жүргізу үшін мектеп директоры бекіткен және аудандық білім бөлімімен келісілген істер номенклатурасы, штаттық кесте, мұғалімдер мен қызметкерлердің жеке істері, еңбек кітапшалары, еңбек келісім-шарттары, мұғалімдер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, жеке құрам бойынша бұйрық кітапшалары бар.

Жалпы білім беру мәселесі бойынша алфавиттік кітап, оқушылардың қозғалысы туралы бұйрық кітабы, мектепке келу, мектептен кету талондары, оқушылардың жеке істері, есеп карточкалары, негізгі орта мектеп курсы аяқтау туралы куәліктерді есепке алу және беру кітаптары, жалпы орта мектеп курсы бітіргені туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітаптары бар. Бұл құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 «Білім беру ұйымдарының білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысандарын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Мектеп әкімшілігі мектеп оқушыларын есепке алуды ұйымдастыру талаптарының сақталуы, мектеп оқушыларының оқумен қамтылуы мәселелерін үнемі қадағалап отырады. Оқуға қабылдау туралы бұйрықтардың уақытылы берілуі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке істері мен медициналық құжаттары бар.

### **Мектептің кадрлық құрамының сараптамасы**


Білім сапасы көбіне педагогикалық ұжымның сапасымен анықталады. Тексеру барысында кадрлармен жұмыс істеу бойынша барлық нормативтік

құжаттардың бар екені, жеке құрам бойынша бұйрық кітапшалары уақытылы жүргізілетіні, жеке еңбек келісім-шарттары жасалғаны, мұғалімдердің жеке істері, аттестаттау отырыстарының хаттамалары бар екені анықталды.

Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы оқу-тәрбие процесін тиімді жүзеге асыруға, педагогикалық шығармашылықты дамытуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін нормативтік-құқықтық базаға сәйкес келеді.

Соңғы үш оқу жылында мектептің педагогикалық ұжымының саны тұрақты (2022-2023 оқу жылы-15, 2023-2024 оқу жылы – 16, 2024-2025 оқу жылы 17).

### Ұжымның саны:



Педагогикалық кадрлардың білім деңгейі 3 жыл ішінде жоғары білімі бар мұғалімдердің 1-4 сыныптарында 92 % сипатталады, 100 % болуымен 5-11 сыныптар аралығында сипатталады.

Мұғалімдердің білім деңгейі:

	1-4 сыныптар			5-11 сыныптар		
	мұғалімдер саны	жоғары білімді	арнайы орта білімді	мұғалімдер саны	жоғары білімді	арнайы орта білімді
2022-2023	3	3/100/	0/0/	12	12/100/	0/0/
2023-2024	3	3/100/	0/0/	13	13/100/	0/0/
2024-2025	4	3/75/	1/25/	13	13/100/	0/0/

Кадрлардың сапалық құрамының қол жеткізілген деңгейі Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2023-2028 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған көрсеткіштерге қаншалықты сәйкес келетінін анықтаудың эталоны жоғары білікті педагог кадрлардың үлес

салмағының нысаналы индикаторы болып табылады. Мұғалімдердің жалпы санының жоғары және бірінші санаттары.

**Мұғалімдердің үлесі 2022 -2023 оқу жылы:**


Педагог-зерттеуші-3, педагог-сарапшы -4, педагог-модератор- 2, бірінші санат-2 /73 %/

**Мұғалімдердің үлесі 2023 -2024 оқу жылы:**

Педагог-зерттеуші-3, педагог-сарапшы -4, педагог-модератор- 4 /69%/

**Мұғалімдердің үлесі 2024 -2025 оқу жылы:**

Педагог-зерттеуші-2, педагог-сарапшы -5, педагог-модератор-5 /71 %/



Үш жыл ішінде бірінші санатты және педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор мұғалімдердің үлесі 71 пайыз құрайды.

Үш жылда 1 рет басшы кадрлардың біліктілігін арттыру

**Амренова К.Ж.**

2020-2021 оқу жылында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметі бойынша 3 санатқа иеленді.

Педагогтардың еңбек өтілі мен жасы бойынша бөлінуін талдау педагогикалық ұжымның жеткілікті жетілгендігі мен тәжірибесін көрсетеді:

**2022-2023 оқу жылы:**

20 жылдан астам жұмыс өтілі бар мұғалімдер – 9 үлесі 60%,  
16-20 жыл аралығында 0 мұғалім – 0%,  
11-15 жыл аралығында 1 мұғалім – 6 %,  
5-10 жыл аралығында 2 мұғалім – 13 %,  
0-4 жылға дейін 3 мұғалім – 20%.


**2023-2024 оқу жылы:**

20 жылдан астам жұмыс өтілі бар мұғалімдер – 9 үлесі 56%,  
16-20 жыл аралығында 0 мұғалім – 0%,  
11-15 жыл аралығында 1 мұғалім – 6 %,  
5-10 жыл аралығында 4 мұғалім – 25 %,  
0-4 жылға дейін 2 мұғалім – 12%.


**2024-2025 оқу жылы:**

20 жылдан астам жұмыс өтілі бар мұғалімдер – 9 үлесі 53%,

16-20 жыл аралығында 2 мұғалім – 12%,  
 11-15 жыл аралығында 0 мұғалім – 0 %,  
 5-10 жыл аралығында 6 мұғалім – 35 %,  
 0-4 жылға дейін 0 мұғалім – 0 %



### Мұғалімдерді жасы бойынша бөлу



### 2022-2023 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер


№	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырып	Мерзімі	Өткен жері	Сериясы
1	Балташева Сангуль Амангельдиновна	«Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәні педагогтерінің базалық және пәндік құзіреттіліктерін»	17.10-28.10.2022	Өрлеу	0599259



		дамыту(5-9 сынып) »			
2	Мияйден Зәуреш Бағұстарқызы	"10-11 сыныптар үшін оқу бағдарламасының күрделі тақырыптарын меңгеру аясында ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің пәндік құзіреттілігін дамыту"	19.09- 30.09.2022	Өрлеу	0598824
3	Кадырова Камила Мергеновна	"Заманауи жағдайда білім алушылардың кәсіптік бағдарлауын жүргізу үшін педагогтердің құзіреттілігін дамыту"	03.10- 14.10.2022	ПШО	0601186
4	Амренова Кымбат Жанаталаповна	«Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту»	20.02- 03.03.2023	ПШО	017069
5	Омарханова Гульдана Курмангазиновна	«Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту»	20.02- 03.03.2023	ПШО	017089
6	Абышева Гульмира Копеевна	«Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту»	20.02- 03.03.2023	ПШО	017064
7	Аханова Анаргүль Толеутаевна	«Тарих мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту»	06.03- 17.03.2023	ПШО	022392ру
8	Бельгубаева Бигайша Кабаевна	"Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану"	21.08- 01.09.2023	Өрлеу	0708952
9	Амренов Сембай Кадырович	"Дене шынықтыру және спорт саласында еркін күрес мамандуы бойынша біліктілік арттыруы курсы"	29.05.- 09.06.2023 ж.	Қазақ спорт және туризм академиясы	6388

№	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырып	Мерзімі	Өткен жері	Сериясы
1	Аханова Динара Толеутаевна	«Математика мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту»	15.04-26.04.2024	ПШО	071756
2	Ғабит Алтын Жанбырбайқызы	«Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу»	13.05-24.08.2024	Өркен	0043802
3	Кадыров Асхат Жамбулович	«Денме тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігі мен тәжірбиесін жетілдіру »	09.06-20.10.2023	Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы	00015028
4	Касымова Гульмира Жастлековна	«Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәні педагогтерінің базалық және пәндік құзіреттіліктерін дамыту(5-9 сынып) »	23.10-03.11.2023	Өрлеу	0710795
5	Калиева Куаныш Бейсембаевна	«Жаратылыстану және биология мұғалімдерінің пәндік құзіреттілігін дамыту»	08.04-19.04.2024	ПШО	061440

Мектеп мұғалімдерінің гендерлік құрамы туралы мәліметтерді талдау соңғы 3 жылдағы өзгерестерді көрсетеді, бұл ер мұғалімдер санының аздығын және әйел мұғалімдердің өсу құрамын көрсетеді.



Аттестаттау материалдарын зерделеу аттестацияның педагогикалық шеберлікті арттырудың қуатты стимулына айналғанын, жоспарлы түрде жүргізілетінін, жүйелілік, сабақтастық, бақылау және шығармашылықты ынталандыру принциптерін жүзеге асыруға негізделгенін көрсетті. Барлық

құжаттама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 202 бұйрығымен бекітілген Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесіне сәйкес жүргізіледі. Төрт жылдың ішінде 12 мұғалім аттестациядан өтті, оның үлесі санатын көтергендердің 70 % құрайды.

Педагогикалық кадрларды аттестациялау үдерісін қамтамасыз ету бойынша жоспар құрылды. Аттестаттау комиссиясының отырыстарында жыл сайын хаттамалар жүргізіледі, бұйрықтар шығарылады, біліктілік куәлігін тіркеу және беру тізімі бар. Аттестаттау туралы бұйрықтар мен куәліктерінің көшірмелері педагогтардың жеке істеріне қоса беріледі, біліктілік санаттарын беру туралы жазбалар еңбек кітапшаларында жүргізіледі.

Мектеп әкімшілігінің әкімшілік қызметі мектеп ұжымында қолайлы моральдық-психологиялық климатты қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру міндеттерін шешуде ресурстарды пайдаланудың тиімділігіне бағытталған. Мектепте адам ресурстары жоғары деңгейде. Мұғалімдердің 28%-ы педагог-зерттеуші, 30% педагог-сарапшы, 30% педагог-модератор санаттарына ие.

Сонымен бірге біз мектептің дамуының проблемалары мен болашағын көреміз:

- мұғалімнің шығармашылық өзін-өзі дамытуға, жеке жауапкершілігіне және мектепті дамыту міндеттерін шешудегі жұмыстың маңыздылығына ықпал ететін шығармашылық атмосфераны құру;

- педагогикалық ұжымның басым бөлігінің педагог-зерттеуші жұмысының дағдыларын дамытуға мотивациясын дамыту;

- мектептің сапа көрсеткіштерінің тұрақтылығы мен өсуіне қол жеткізуде қолда бар еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз ету.

### **Оқушылар контингенті**


Мектептің негізгі міндеттерінің қатарында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру – білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу үдерісі субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

2022-2023 оқу жылының басында оқушылар саны 35 оқушыны құрады, оның ішінде. қыздар – 17, ұлдар – 18.

2023-2024 оқу жылының басында оқушылар саны 41 оқушыны құрады, оның ішінде. қыздар – 19, ұлдар – 22.

2024-2025 оқу жылының басындағы оқушылар саны 45 оқушы, соның ішінде. қыздар –18, ұлдар – 27.

<b>Оқу жылдары</b>	<b>Барлық оқушылар саны</b>	<b>1-4 сынып</b>	<b>5-9 сынып</b>	<b>10-11 сынып</b>
<b>2022-2023</b>	35	14	21	0
<b>2023-2024</b>	41	18	23	0
<b>2024-2025</b>	45	25	16	4



Мектеп оқушыларының контингенті жылдан жылға саны бұрынғы деңгейден жоғарлап отыр. Негізгі себеп ауыл халқының саны көбейіп жатыр.

### **-Оқу-әдістемелік жұмыс**

Оқу процесін ұйымдастырудың негізі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2012 жылғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары болып табылады.

Мектепте білім беру Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде жүзеге асырылады. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің негізгі мазмұны инварианттық бөліктің оқу пәндері арқылы толық жүзеге асады.

Бастауыш білім беру сыныптарының жұмыс жоспарлары бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрастырылған.

Оқу сабақтарының кестесіне, сабақтардың ұзақтығына және өзгерістерді ұйымдастыруға арналған СанПин-де анықталған талаптар мен нормалар сақталады.

Өткен төрт оқу жылындағы МЖМБС-нің (ГОСО) орындалуын талдау оқу жоспарының барлық пәндері бойынша бағдарламалардың практикалық бөлімін қоса алғанда толық орындалғанын көрсетті.

Білім беру бағдарламаларының, жазба және бақылау жұмыстарының нормаларының орындалу мәселесі әкімшіліктің тұрақты бақылауында, барлық тексерулердің нәтижелері анықтама түрінде ресімделеді.

Мемлекеттік білім стандартының талаптарын сақтау мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінің отырыстарында, ғылыми-әдістемелік және педагогикалық кеңестерде қарастырылады. Мектепте 4 әдістемелік бірлестік (бастауыш сыныптар, гуманитарлық бағыт, жаратылыстану-математика, эстетикалық) бар.

Білім беру мазмұнын жаңарту жұмыстары педагогикалық ұжым қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

«Заманауи білім беру технологияларын шеберлікпен қолдану арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» бірыңғай әдістемелік тақырып аясында:

- оқушылар мен ата-аналардың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу жоспарының вариативті бөлігіне енгізілген факультативтік пәндер ауқымын кеңейту;
- қолданбалы курстарға арналған авторлық бағдарламаларды әзірлеу;
- оқытудың жаңа білім беру технологияларын енгізу, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыруға, педагогикалық процестің субъектілері арасындағы қарым-қатынасты үйлестіруге ықпал ету.

Педагогикалық ұжымның педагогикалық технологияларды, оқытудың заманауи әдістерін енгізудегі мақсатты жұмысы оқу-тәрбие процесінің дамытушылық және оқыту функцияларын қамтамасыз етуге, оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыруға жағдай жасауға ықпал етеді.

Мектептің білім беру бағдарламасы мен оқу жоспары мектептің мемлекеттік функциясын - негізгі жалпы орта біліммен қамтамасыз етуді және баланы оқу процесінде дамытуды қамтамасыз етеді. Бұл мақсатқа жетудің негізгі шарты – әр баланың мүмкіндіктері мен қабілетін ескере отырып, әрекетке қосу.

Мектеп білім сапасын арттыру мәселелерінің шешімін оқу пәндерін оқытудың жай-күйін бақылау жүйесін жетілдіруден, мектеп оқушыларының білімінің тақырыптық есебін жүргізуден, заманауи білім беру технологияларын, АКТ-ны қолдану арқылы балалардың ынтасын арттырудан көреді.

	<b>Оқу жылы</b>		
	<b>2022-2023</b>	<b>2023-2024</b>	<b>2024-2025</b>
Оқушылар саны	35	41	45
Екпінділер саны	12	13	
Екпінділер %	34%	32%	%
Үздіктер саны	9	10	
Үздіктер %	26%	24%	%
Үлгермеушілік саны	0	0	0

9 сынып бітірушілерін мемлекеттік (қорытынды) аттестаттау тиісті нормативтік құжаттардың талаптарын сақтай отырып, дәстүрлі емтихандар түрінде ұйымдастырылады.

### **Мектеп оқушыларының ғылыми қоғам жұмысы**

Оқушылар оқу жылдар бойы түрлі зияткерлі сайыстарға, марафондарға, қашықтық олимпиадаларға қатысады.

#### **2022-2023 оқу жылы:**

- Аудандық Әбіш оқуларында "Мәнерлеп оқу" номинациясы, Габитова Дильназ 3 орын.
- Аудандық Абай оқулары "Абайдың қара сөздері", Жамбаева Дамеля 3 орын.
- Аудандық пәндік олимпиадасы (5-6 сынып оқушылары) орыс тілі пәні, Камилова Инкара 2 орын.
- Аудандық пәндік олимпиадасы ағылшын тілі пәні, Жамбаева Дамеля 3 орын.

- «Ақбота» интеллектуалдық марафонында Сағит Санжар, Кенесов Думан, 1 орын, Камилова Инкара, Ноярбекова Нурсулу, Қайржан Нұрдаулет, Габитова Айлана 2 орын, Садвакасова Гузель, Садвакасов Бибарыс 3 орын.
- «Кенгуру – математика барлығы үшін» халықаралық зияткерлік конкурс Сағит Санжар, 3 орын; Садвокасов Бибарыс, 1 орын, Садвокасова Гузель, 1 орын. Сериков Мансур, Қабылманап Райан, Жанаберген Алдаберген 2 орын. Сембаев Бахтияр, Қайржан Нұрислам 3 орын.
- "Менің Отаныма- менің бастамам" аудандық шығармашылық жобалар конкурсы, Габитова Дильназ 3 орын.

### **2023-2024 оқу жылы**

- Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың бірінші кезең қатысушысы, Габитова Дильназ, Хамит Әдия, Оразалиев Фархат, Жамбаева Дамеля, Жусупбаева Назлы.
- Аудандық пәндік олимпиадасы (7-8 сынып оқушылары) орыс тілі пәні , Камилова Инкара 3 орын.
- «Кенгуру – математика барлығы үшін» халықаралық зияткерлік конкурс Садвокасова Гузель, Ноярбекова Жансулу 3 орын.
- Аудандық "Жарқын болашақ" олимпиадасы, "Әнші-бұлбұлдар" номинациясы, 3 орын.
- Аудандық Мүбәрак оқулары, Ноярбекова Жансулу 3 орын.
- «Ақбота» интеллектуалдық марафонында Сағит Санжар, Кенесов Думан, 1 орын, Камилова Инкара, Ноярбекова Нурсулу, Нургалиева Малика, Жанаберген Алдаберген, Копеев Кайсар, Даулатұлы Мұхаммед-Әмин 2 орын, Садвакасова Гузель, Садвакасов Бибарыс, Ноярбекова Жансулу, Қайржан Нұрислам 3 орын.
- 5-9 сынып Республикалық "Тарих ата" қашықтық олимпиадасы, Жаманбай Ерасыл 1 орын, Габитова Айлана 2 орын, Кусаинова Гаухар 2 орын, Ноярбекова Нурсулу 3 орын, Сағит Санжар 1 орын.
- "Мың бала" Республикалық ұлттық олимпиадасының екінші кезең қатысушылары: Сағит Санжар, Кенесов Думан, Жаманбай Ерасыл.

### **Омарханова Г.К.**

- "Педстарт" республикалық олимпиада(Математика) - 1 орын
- Аудандық білім бөлімінен Құрмет грамотасы -2023ж
- XXIV Сәтбаев оқулары" Халықаралық конференция қатысушысы-2023ж
- XI Ахметов оқулары конференциясы қатысушысы-2024ж

### **Амренова К.Ж.**

- "Педстарт" республикалық олимпиада(Математика) - 2 орын
- XXIV Сәтбаев оқулары" Халықаралық конференция қатысушысы-2023ж
- XI Ахметов оқулары конференциясы қатысушысы-2024ж

### **Садвакасова С.С.**

- Аудандық білім бөлімінен Алғыс хат-2023 ж.
- Павлодар облысының әкімі атынан Құрмет грамотасы- 2024 ж.

### **Касымова Г.Ж.**

- "Абайтану" олимпиадасы, "Үздік сабақ жоспары" номинация жеңімпазы-2022ж
- "Педстарт" республикалық олимпиадасы(Қазақ тілі) - 1 орын
- XXIV Сәтбаев оқулары" Халықаралық конференция қатысушысы-2023ж
- Аудандық білім бөлімінен Құрмет грамотасы -2024ж

### **Аханова Д.Т.**

- "Педстарт" республикалық олимпиадасы(Математика) - 1 орын
- XXIV Сәтбаев оқулары" Халықаралық конференция қатысушысы
- "Өрлеу-өркендеу", Республикалық ғылыми-педагогикалық әдістемелік "Озат.кз", "Жарқын" журналда мақалалр авторы.

### **Аханова А.Т.**

- XXIV Сәтбаев оқулары" Халықаралық конференция қатысушысы
- XI Ахметов оқулары конференциясы қатысушысы
- "Тарих ата" Республикалық олимпиадасы алғыс хат

### **Кадыров А.Ж.**

- 2022 ж. аудандық волейболдан турнир, 2 орын;
- 2023 ж. аудандық мини-футбол жарысы, 1 орын
- 2024 ж. аудандық мини-футбол жарысы, 1 орын
- 2024ж. "Дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастырудың ерекшеліктері" аудандық семинар

### **Мияйден З.Б.**

- "Педстарт" республикалық олимпиадасы(Ағылшын тілі) - 2 орын

Мектептік ғылыми қоғамның іс-әрекеті таңдалған бағыттарға сәйкес жүргізіледі. Осы үрдісті компонентті уақытылы басқару оқушылардың зерттеу іс-әрекетін тиімді ұйымдастырудағы маңызды жағдай болып табылады. Мектептегі мұндай басқару пәндердің әдістемелік бірлестіктерімен (ӘБ) және ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша директор орынбасарының басшылығымен мектептік ғылыми-әдістемелік кеңесі жүзеге асырады.

Отырыс кезінде мектептік ғылыми-әдістемелік кеңес мектептегі оқушылардың оқытылу іс-әрекетінің ағымдық жағдайына баға береді, мектептегі оқушылардың зерттеу жұмысын жалпылау туралы шешім қабылдайды және оқушылардың орындаған зерттеу жұмыстарын жалпылау мен олардың нәтижелерін оқу-тәрбие үрдісінде қолдану туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте мектептің алдында білім сапасын арттыру мәселесі тұр. Мектептегі оқу-тәрбие процесін жетілдіру міндеттерін жүзеге асыру үшін мыналар қажет:

1. Қамтамасыз ету

-тиімді басқару шешімдері негізінде білім сапасының мониторингін арттыру арқылы мектептің дамуын басқару;

-бітірушілерді қорытынды аттестацияға дайындаудың тиімді нысандары мен әдістерін таңдау, білімдерін диагностикалық негізде түзету, бақылау жүйесін жетілдіру және басқару шешімдерін қабылдау;

-білім сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, мектеп оқушыларының білім беру мүмкіндіктерін диагностикалауға және бағалауға, мектеп мұғалімінің кәсіби шеберлігін диагностикалауға және бағалауға бағытталған жаңа тетіктерді әзірлеу арқылы мектепті басқарудың тиімділігі;

2. Мұғалімдердің зерттеушілік дағдыларын басқарушылық дағдыға көшіру жұмыстарын ұйымдастыру, дарынды оқушылармен жұмыс жүйесін жетілдіру, оқушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетіндегі интеллектуалдық дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізу.

### **2022-2023 оқу жылының қорытынды аттестацияның нәтижелері**

9 сынып:

<b>Оқушының аты жөні</b>	<b>Қазақстан тарихы</b>	<b>Биология</b>	<b>Орыс тілі және әдебиет</b>	<b>алгебра</b>	<b>қазақ тілі</b>
Жанаталяпова Айсара	5	-	5	5	5
Копеев Багустар	4	-	4	4	3
Садвокасова Сеным	-	4	5	5	4
Хамит Ақбота	-	4	4	4	4
<b>Білім сапасы</b>	100%	100%	100%	100%	75%
<b>Жалпы білім сапасы</b>	95 %				

### **2023-2024 оқу жылының қорытынды аттестацияның нәтижелері**

9 сынып:

<b>Оқушының аты жөні</b>	<b>Қазақстан тарихы</b>	<b>Орыс тілі және әдебиет</b>	<b>алгебра</b>	<b>қазақ тілі</b>
Габитова Дильназ	5	5	5	5
Жамбаева Дамеля	5	5	5	5
Жусупбаева Назлы	5	5	5	5
Кожаметов Абзал	3	3	3	3
Қабылманап Абдусамад	3	3	3	3
Оразалиев Фархат	5	4	5	4



Хамит Әдия	5	5	5	5
Білім сапасы	71%	71%	71%	71%
<b>Жалпы білім сапасы</b>				71%

**2023-2024 оқу жылының емтихан нәтижелері**  
**5-8сынып**

	<b>Оқушының аты жөні</b>	<b>Сыныбы</b>	<b>Қазақ тілі</b>
1	Габитова Айлана	5	4
2	Жамбаева Тәттіқыз	5	4
3	Кусаинова Гаухар	5	4
4	Садвакасова Сезым	5	4
5	Сембаева Томирис	5	4
6	Жаманбай Ерасыл	6	5
7	Кенесов Думан	6	4
8	Сағит Санжар	6	5
9	Камилова Инкар	7	5
10	Ноярбекова Нурсулу	7	5
11	Хамит Жасулан	7	3
12	Шайкенов Ризабек	7	3
13	Кожаметов Абзал	8	3
14	Ноярбеков Абылайхан	8	3
15	Садвакасов Бибарыс	8	4
16	Садвакасова Гузель	8	5
	<b>Білім сапасы</b>		75%


**«Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңының жүзеге асырылуы**  
Мектепте әкімшіліктің ерекше бақылауында «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның орындалуы мәселесі тұр. Мемлекеттік тілді оқыту мен дамытуға барлық жағдай жасалған. Мектеп құжаттаманы ресімдеуде, мектепті жобалауда қос тілділікті сақтайды. Жазылым мемлекеттік тілде жүргізіледі.

**Кестелер мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жасалады. Оқушылар оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген. Оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген.**

Пәнді сапалы оқыту үшін барлық жағдай жасалған: сымды және сымсыз интернет, интербелсенді тақта, проектор бар.

Осы жұмыс аясында мектепте 2 қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдерді жұмыс істейді.

Оқу жылы	барлығы	Білімі		Санаты		
		жоғары	Орта арнайы	санатсыз	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы
2022-2023	2	2	0	0	0	2
2023-2024	2	2	0	0	0	2
2024-2025	2	2	0	0	0	2



Қазақ тілі мұғалімдерінің семинарларға, форумдарға, конференцияларға, сайыстарға қатысуы

Жыл	Іс-шара түрі	Деңгей	Мұғалімнің аты-жөні
2022-2023	Абай оқуларының жүлдегері, Жамбаева Дамеля, 3 орын	Аудандық	Балташева Сангуль Амангельдиновна
2022-2023	"Жарқын болашақ" олимпиадасы, "Әнші-бұлбұлдар" номинациясы Жамбаева Дамеля, 3 орын	Аудандық	Касымова Гульмира Жастлековна
2022-2023	Әбіш оқуларының жүлдегерлері, Габитова Дильназ, 3 орын	Аудандық	Касымова Гульмира Жастлековна
2022-2023	"Менің Отаным- менің бастамам" шығармашылық жобалар, Габитова Дильназ, 3 орын	Аудандық	Касымова Гульмира Жастлековна

2023-2024	«Ауыл олимпиадасы», Хамит Әдия	Аудандық	Касымова Гульмира Жастлековна
2023-2024	"Ақбота" зияткерлік олимпиадасының жүлдегері, Камилова Инкара, 1 орын, Ноярбекова Нурсулу, 1 орын Габитова Айлана, 2 орын Кусаинова Гаухар, 2 орын Садвакасова Сезым, 2 орын	Республикалық	Касымова Гульмира Жастлековна

Негізгі мектеп курсы бойынша білім сапасы.

Оқу жылы	Білім сапасы
	Қазақ тілі
2022-2023	54,2 %
2023-2024	67,6 %
2024-2025	

Оқушылардың білім сапасы көтерілді. Оқушылардың ынтасын арттыру мәселесі әлі де жалғасуда, өйткені танымдық қызығушылықтың төмен деңгейі оқушылардың білімді саналы түрде игеруіне кедергі келтіреді.

Себептері:

\* оқушылардың зерттелетін материалдың әлеуметтік және практикалық маңыздылығын түсінуіне, игерілетін мазмұнның жеке маңыздылығын түсінуіне қатысты сұрақтар оқу материалының мазмұнында жеткілікті түрде ерекшеленбейді;

\* оқушылардың оқу және жеке мүмкіндіктерін диагностикалау жеткіліксіз;

\* әр оқушының шығармашылық дамуына әлсіз бағдар.

Шешу жолдары:

\* коммуникативтік қызметті жандандыру;

\* мемлекеттік тілді меңгерудің беделін арттыру бойынша ата-аналармен және оқушылармен жұмысты жандандыру;

\* балалардың зерттелетін материалға, өзіндік танымдық іс-әрекет процесіне жеке-семантикалық қатынасы;

\* оқушының зияткерлік мәдениеті;

\* оқу қызметінің мәдениеті;

\* мұғалімдерді білім беру үдерісінде оларды шешуге бейстандартты тәсілді талап ететін тапсырмаларды пайдалануға бағдарлау.

Мұғалімдер оқушылардың оқудағы жетістіктеріне мониторинг жүргізеді, бұл оларға білімдегі олқылықтарды уақытында жоюға және нақты нәтижеге жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Оқушылар тіл туралы білімді меңгерген және осы білімді тілдік материалдарда талдап қолдана алады.

Қазақ тілі пәні бойынша білім сапасы мен үлгеріміне мониторинг жүргізіледі, пән бойынша және оқушыларды МОДОға дайындау бойынша бақылау жұмыстары мен тест тапсырмаларының банкі бар.

### **Оқу-тәрбие жұмысы**

**Тәрбие жұмысының мақсаты:** Оқушының дүниетанымдық қабілетін қалыптастыру және дамыту арқылы оқу мен тәрбие жұмысында жаңашыл іс-әрекетпен шығармашыл тұлға тәрбиелеу. Сілеті жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып құрылды. Тәрбие тұжырымдамасы негізінде жұмыс жалғастырылды.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Тәрбие жұмысының жыл сайынғы жоспарларына патриоттық, азаматтық, рухани-адамгершілік тәрбие, СӨС, отбасы мен мектептің ынтымақтастығы, құқықтық мәдениет, бос уақытты өткізу қызметі, кәсіптік бағдарлау жұмысы кіреді. Жоғарыда аталған бағыттар сынып сағаттары мен жалпы мектептік іс-шаралар арқылы іске асырылады.

Сынып жетекшілерінің қызметі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Бістық тамақ, құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушыларды жұмыспен қамту, жұмысқа орналастыру, СӨС, ЖҚЖИ жұмысының жағдайы, мектеп құжаттамасын (журналдар, күнделіктер) жүргізу мәселелері жалпы білім беру

мектебінің жоспарына сәйкес директор жанындағы кеңесте қаралады, педагогикалық кеңестің отырыстарында мәселелер талқыланды.

Педагогикалық кеңестің отырыстарында "Жалпыға бірдей міндетті білім беруді ұйымдастыру» "1,9 сыныптарға оқушыларды жинақтау". "Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтылуы".

